

Ауғанстан ақиқаты



15 ақпан Кеңес әскерлерінің Ауғанстан жерінен шығарылғанына 30-жыл. Осыған байланысты М.Әуезов атындағы №5 орта мектепте «Ауғанның от жалыны» тақырыбында Ауған соғысының ардагерлерімен кездесу ұйымдастырылды.

Кездесуге қаламыздағы Ауған соғысы ардагерлерінің төрағасы Марат Балдиқов, интернационалист жауынгер болған Серік Қорқытбаев т.б. қонақтар шақырылды.

Бұған дейін мектебімізде жұмыс жасап тұрған «Жауынгерлік даңқ» бөлмесі осы уақыт аралықтарында қайта жасақталып өңделіп, жаңа мәліметтермен толықтырылып осы іс-шараға арнайы дайындаған еді. Шақырылған қонақтар әуелі осы бөлмені аралап танысып одан кейін жоғары сынып оқушыларымен «Батыр» клубының мүшелерімен кездесу сыр-сұқпатын және мектебіміздегі өнерпаздардың өнерін тамашалаумен жалғасты.

Кездесуде оқушыларды қызықтырған сұрақтар ардагерлердің қызу әңгімелеріне ұласты. Оқушыларды сол уақыттағы жауынгерлердің арасында ең құнды болған нәрселер, жат жерге соғысқа ат-

танғанда қай жерлерде әскери борыштарын өтеп жүргендері, соғысқа барған кезде қанша жаста болғандықтары, «Ауғанстан жерінен елге оралып келе жатқандағы ең қуанышты сәттер естеріңізде бар ма?» – деген сияқты сауалдар оқушыларды көп қызықтырды. Ардагерлер өз сөздерінде сырт жерде жүрсенде бір-бірінің әлеуметтік жағдайы, бай аумақты болуы маңызды емес, тек адамның адамшылығымен жауынгер достастығы ең құнды екендігін айта өтті. Қанша айтсақ та осы кездесу оқушыларымыздың көкейінде көп нәрсені қалдырды.

Ең бастысы осы кездесуді ұйымдастыруымыз, оқушылардың бойында достық, ынтымақ, бір-біріне деген құрмет, адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру, ерлікке баулу, Отанына деген сүйіспеншілікті арттыру сияқты қасиеттерді оқушылар бойына сыналап сіңіру болды.

Осындай ауыр аманат арқалап, өмір мен өлім белдескен қанды шайқасқа қатысып, батылдық пен ерліктің ерен үлгісін көрсеткен қаһарман жерлестеріміз қашан да аман болсын дегіміз келеді.

**Қадыргүл АЛИМҒАЗИНА,
М. Әуезов атындағы №5
орта мектеп директорының
тәрбие ісі жөніндегі
орынбасары.**